

БӨЛІМ: ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫ

Еліміздің келешегіне кепіл болған тұңғыш елбасы

ЖАРИЯЛАНДЫ
22.04.2020СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/72145/>

Ф.Қозыбақова,

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ

1-курс студенті

Қажияхметова А.М

Еліміздің келешегіне кепіл болған тұңғыш елбасы.

Қазақстан енді ғана дамып келе жатқан мемлекет болғанымен, қысқа уақытта көптеген жетістіктерге жетті. Әлемнің алпауыт мемлекеттеріне де тек жақсы қырынан көрінуде. Және бұған септігін тигізден бір де болса бірегей тұңғыш елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев. Н.Ә.Назарбаев Қазақстанды қиын -қыстау кездерден, яғни алғаш тәуелсіздік алған кезде саяси біліктілігінің арқасында алып шықты. Кейіннен 1997 жылы «Қазақстан 2030» стратегиясын ұсынып, мерзімінен бұрын дамыған 50 елдің қатарына қосты. Сонымен қатар еліміздің тек әлеуметтік -саяси және ішкі- сыртқы экономикасын тұрақтандырды. Алайда тұңғыш елбасы халықтың рухани байлығын да ұмыт қалдырмады. XXI ғасыр жаһандану келіп жеткен заман болғандықтан, рухани құндылықтарымыз бен байлығымызды сақтап қалу ең басты мақсат екенін айшықтап көрсетті. Сол себептен «Рухани жаңғыру» , «Мәңгілік ел», «Ұлы даланың жеті қыры» тәрізді бағдарламалар қолға алынып, көне ескерткіштер мен шығармаларды жаңғырту жүзеге асты. Сол арқылы жастарымыздың бойына патриотизм сезімін ұялату көзделді. «Болашағымыз жастардың қолында» демекші Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінде 1-ші курс студенттерінің арасында Н.Ә. Назарбаевқа арналған конференция өткізілді. Конференцияда тұңғыш елбасының жазған еңбектері мен жүзеге асыран бағдарламаларын, стратегияларын және әлемдік қоғамдастықтағы Қазақстанның орнына сараптау жүргізілді.

Қазақстандық патриотизмнің бүгінгі ұраны – халықтың біртұтастығы. Біз қазіргі таңқаларлық жетістігімізді одан әрі баянды етуге ұмтылсақ, өзіміздің және келер ұрпақтың тағдырына сенімді болғымыз келсе, Қазақстанды Орталық Азияның ғана емес, еуразиялық ұлан-байтақ кеңістіктің қуатты да беделді мемлекеті ретінде көруді қаласақ, ішкі бейбіт өмір мен ұлттық рухани гүлденуді таңдасақ, жаңа XXI ғасырдың төріне бірге қадам басуға тиіспіз.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.